**«Жана Қаратон кенті мен ауылдық округтерін үздіксіз сумен қамтамасыз ету мәселесі бойынша**

# ХАТТАМАСЫ

Құлсары қаласы «23» 10 2023 жыл

**Күн тәртібінде:**

Аудан әкімінің тапсырмасы негізінде Жаңа Қаратон кенті, Тұрғызба, Аққиізтоғай және ауылдық округтерді үздіксіз ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында су айдау станциясындағы су насостарын және құрал жабдықтарды бір көзден сатып алып орнату және су мұнарасына қажетті су насостарын сатып алу.

**Қатысқандар:**

| | |
|---|---|
| Шакиров Ануар Играшинұлы | Жылыой ауданы әкімі орынбасары |
| Баселов Саян Жұмабекұлы | Жылыой ауданы тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы жолаушылар көлігі автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімінің басшысы |
| Баймұратов Сансызбай | Жана Қаратон кенті әкімі |
| Айтпенбет Данияр | Жем ауылдық округі әкімі |
| Елеусинов Ерболат Құлқайұлы | Қара арна ауылдық округі әкімі |
| Қабиденов Марат | Аққиізтоғай ауылдық округі әкімі |
| Сауытов Нұржарық | Майкөмген ауылдық округі әкімі |
| Нурмұханова Дариға Базарбаевна | Қосшағыл ауылдық округі әкімінің уақытша міндетін атқарушы |
| Саматов Алмаз Саматұлы | Жылыой ауданы тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы жолаушылар көлігі автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімінің бас маманы кеңес хатшысы |

1) С.Баймұратов: Жаңа Қаратон кент тұрғындарына ауыз сумен қамтамасыз етіп отырған ауыз су айдау станциясы 1995 жылы пайдалануға берілген. Алайда осы күнге дейін күрделі жөндеуден өтпеген. Аталған нысанды осы күнге дейін Жаңа Қаратон кенті әкімі аппараты және «Жылыой су» мекемесімен бірнеше қайтара зерделеу жұмыстары жүргізілді. Зерделеу барысында ауыз су айдау станциясындағы су айдау насостары (2 дана) тозып тұрғаны анықталды. Бұл су насостары кез келген уақытта істен шығуы мүмкін. Қазіргі таңда резервте тұрған су насостарыда жоқ. Бұл су сорғы құрылғылары істен шыққа Жаңа Қаратон кентінің 7500 ге жуық тұрғындары ауыз сусыз қалатындығын ескерген жөн.

А.Шакиров: Жаздың аптап ыстық күндері ауылдық елді мекен тұрғындары арасында су тұтыну мөлшері күнделікті нормадан тыс көбейгендіктен (талға су құю, құрылыс т.б) су қысымы азайып, тұрғын үйлерге ауыз су жетпей, тұрғындарға

белгілі уақытпен берілуі салдарынан тұрғындар тарапынан наразылық туындауда. Сондықтан, Сіздерден мәселені шешу мақсатында Қолға алынатын шаралар жөнінде ұсыныс беруді сұраймын.

С.Баселов: Ауылдық елді мекен тұрғындарына, ауыз су беріліп отырған судың қысымы күннің ыстық мезгілдерінде, әсіресе су көп пайдаланатын кешкі уақыттарда азайып кетіп отыр. Осыған орай, тәулік бойына үздіксіз, жоғары қысымды сумен қамтамасыз ету үшін су мұнарасына жаңадан шұғыл түрде су насостар алу қажет.

Жиынға қатысушылардың ұсыныстары мен пікірлерін тыңдап, **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1) Керкті қаражат көлемін анықтап, Жаңа Қаратон кентіндегі су айдау станциясындағы ауыстыруды қажет ететін 2 дана Тұрғызба және Аккиізтоғай су насостарымен су айдау станциясындағы ауыстыруды қажет ететін 2 дана ауылдық елді мекендерде орналасқан су мұнарасына 5 дана су насостарын құрал жабдықтарды мемлекеттік сатып алу конкурсының **39 бап** (*Бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру негіздері*) **3 тармақ** (*Мемлекеттік сатып туралы шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу мынадай жағдайларда жүзеге асырылады*) **4-і тармақшасына сәйкес** (*төтенше жағдайлардың салдарын оқшалау және (немесе) жою үшін, Қазақстан Республикасының аумағында алғаш рет немесе жаңадан анықталған, жануардың аса қауіпті, экзотикалық ауруларын, карантинді обьектілерді, бөтен текті түрлерді оқшалау және (немесе) жою үшін, карантиндік аймақтарда және жануарлардың аса қауіпті аурулары бойынша қолайсыз пункттерде, карантинді обьектілердің таралу ошақтарында іс–шаралар, шұғыл фитосанитарлық іс–шаралар жүргізу үшін, электр энергетикасы обьектілеріндегі, тіршілікті қамтамасыз ететін коммуникациялық жүйелердегі теміржол, әуе, автомобиль, су көлігі обьектілеріндегі, тазарту құрылыстарындағы, мұнай құбыржолдарындағы, газ құбыржолдарындағы технологиялық бұзылуларды жою үшін және жедел медициналық араласу қажеттілігі үшін, сондай–ақ коммуникациялардың, тетіктердің, агрегаттардың, қосалқы бөлшектердің және материалдардың тасымал жолында дереу қалпына келтіруді талап ететін сынуы, істен шығуы туындаған кезде қажетті тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу*) бір көзден тәсілмен өткізу

**Кеңес төрағасы** **А.Шакиров** _____

**Кеңес мүшелері:**

**С.Баселов** _____

**С.Баймұратов** _____

**Д.Айтпенбет** _____

Е.Елеусинов _____

М.Қабиденов _____

Н.Сауытов _____

Д.Нұрмаханова _____

Кеңес хатшысы: А.Саматов _____